



030700, Қандыағашқаласы, Құндызды көшесі 2,
Тел/факс: 8/71333/7-23-77, e-mail: kpek2023@mail.kz

БҰЙРЫҚ

22.04.2025 ж.
Қандыағаш қ.

№ 46

ПРИКАЗ

22.04.2025 г.
г. Кандыағаш

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және талдау жүргізетін жұмысшы тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қандыағаш өнеркәсіптік – экономикалық колледжі» МКҚК қызметіне 2025 жылдың 1 мамыры мен 1 маусымы аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілсін.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылсын:

1) колледж қызметін қорғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) колледждің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3. Талдау жүргізетін жұмысшы тобы келесі құрамда құрылсын:

А.Кулкаева – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, ішкі талдауды жүргізуге және жұмыстың нәтижесіне басшылық, үйлестіру және жауаптылық жүктелген тұлға, әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл, жұмыс тобының басшысы;

М.Балымова – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – жұмыс тобының мүшесі;

А.Ахметова – әдіскер – жұмыс тобының мүшесі;

Т.Накешова – әкімшілік жұмыстар, персоналды басқару және педагог кадрлармен жұмыс бөлімінің бас маманы – жұмыс тобының мүшесі;

Б.Жанғабыл – ардагерлер кеңесінің төрағасы.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Колледж директоры



Ж.Оразханов